



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Н. Тәжин

**Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы бойынша
2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмысының жылдық есебі**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығына сәйкес оқу жылының ұзақтығы 1-класстарда – 35 оқу аптасы, 2-11 - класстарда – 36 оқу аптасына кұралды.

Оқу процесі бойынша жұмыстың орындалуы мен нәтижелілігі.

2022-2023 оқу жылындағы класс-комплектінің саны – 36. Оқушы саны – 654, оның ішінде 1-4 класстарда – 319 оқушы, 5-8 класстарда – 266, 9-11 класстарда – 69 оқушы. Мектепалды даярлық класстар саны – 3, ондағы оқушы саны – 39. 1 класқа қабылданған оқушы саны – 81.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясына қызмет ету құрылымы
Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясына қызмет ету құрылымында 3 сатылық модель бар:

I саты – бастауыш білім (1-4 класстар)

I саттың негізгі міндеті:

- оқу үдірісінің тең құқылы субъектісі ретінде оқушы мен мұғалім серіктестігі үшін педагогикалық ортаны қалыптастыру;
- оқу қызметіне мотивацияны, икемділіктерді, дағдыларды қалыптастыру;
- денсаулықты бекітуге итермелейтін, физикалық қасиеттердің шығармашылық, коммуникативтік қасиеттердің дамуы;
- белсенді-жасампаздық өмірдің, азаматтық-патриоттық тәртіпін, рухани-адамгершілік мінездің дағдылары мен негіздерін тәрбиелеу.

II саты- жалпы білім беру негіздері (5-9 класстар)

II сатының негізгі міндеті:

- Ғылымның базалық негізін оқушылардың табысты меңгеруі үшін алғышарттар құру;
- Тұлғааралық әдепті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен мамандық таңдауы;
- Оқу бағдарламаларының күрделенуі және жас ерекшеліктерді есепке ала отырып, I саты міндеттерін шешу бойынша жұмыстарды жалғастыру.

III саты- орта білім (10-11 класстар)

III сатының негізгі міндеті:

- Оқушылардың мектептік оқытудың толық курсына игеруі;
- Мамандықты саналы таңдау үшін жағдай қалыптастыру, кәсіби, әлеуметтік өзін-өзі анықтау үшін хабардарлықты қалыптастыру;
- Өмірдің рухани-адамгершілік қағидаларымен көндіру негізінде қызмет ету дайындығын тәрбиелеу.

Оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелілігі

Кез келген педагогикалық ұжымның маңызды міндеттерінің бірі білім беру сапасын жоғарылату. Білім берудің жоғары деңгейіне жету сатыларының бірі білім стандарттарының мазмұнын сәтті меңгеру.

Білім беру стандарттарын оқушылардың меңгеруіне баға беру, оқытылу деңгейін анықтау үшін оқу тәртіпін, класс, мұғалімдер – күшті және нашар буындарының сабақтастығында жалпы тенденциясын анықтауға мүмкіндік беретін, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері, әкімшілік бақылау қорытындылары негізінде жылдар, тоқсандар бойынша салыстыру үшін мұғалімдер, пәндер, кластан бойынша оқытылған деңгейді дәстүрлі талдау әдістері қолданылады.

Осындай салыстырмалы талдауды іске асыру үшін келесілер қолданылады:

- мектептің статистикалық есеп мәліметтері;
- түрлі пәндер бойынша оқушы білім сапасын мектепшілік бақылау жүйесінде ақпарат алу;
- қорытынды аттестаттау және емтихан, ҰБТ қорытындылары;
- оқушылардың дәптерлері мен класс журналдары (Күнделік.кз) тексеру барысында алынған ақпараттар.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық ұжым жұмысында ақаулықтарды анықтау мақсатында кластар мен пәндер бойынша аралық және қорытынды аттестаттау деңгейін талдау, саты бойынша оқыту және білім беру сапасын талдау мен бақылау негізгі кезеңдердің бірі болып табылатын мониторинг өткізіледі.

Бастауыш білім беру- I деңгейінде оқу қызметін талдау (1-4 кластар)

Бастауыш мектепте білім беру үрдісінің мақсаты оқу мүмкіншілігі мен тілекті қалыптастыру, оқуға қызығушылық, шығармашылық қасиетін, оқушының тұлғалық дамуы болып табылады. Жалпы бастауыш білім беру басымдылығы барлық кейінгі сәтті оқуды болжайтын меңгеру деңгейі, жалпы оқу икемділігі, дағдылары болып табылады.

Бастауыш класс мұғалімдер ұжымы алдында төмендегідей міндеттер қойылады:

1. Кіші оқушылардың әлеуметтік сәттілік дамуына келесілер арқылы көмектесу:

- А) оқу сапасын жетілдіру;
- В) түрлі деңгейде шығармашылық және зияткерлік байқауларға қатысу;
- С) мектеп және отбасы қарым-қатынасы.

2. Тәжірибеге дарынды балалармен жұмыстың әдістері мен тәсілдерін енгізу.

3. Оқыту сапасын жоғарлату үшін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін келесілер арқылы жетілдіру:

А) үздік педагогикалық тәжірибені енгізу;

В) семинарлар, байқауларға қатысу.

Қорытындылар:

Педагогикалық шеберліктің деңгейі өсуде.

ББД сапасы тұрақты.

Оқу үрдісінде тұлғалық-бағдар іске асырылуда.

Ұсыныстар:

Әр оқушының жеке қасиеттерін ескеріп кезендік дифференциациясын қолдансын;

Пән-мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынаста қызмет етіп, сабақтарына қатысып, сабақтағы оқушылардың жұмысы талдансын;

Дарынды балаларды анықтау бойынша және олардың кейінгі даму жұмыстары жүйелендірілсін.

II саты –жалпы білім беру негіздерінің оқу қызметін талдау

(5-9 кластар)

7«в», 8«б», 8«в» кластарында білім сапасында кему динамикасы байқалады.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылын 9 кластың 10 түлегі «Үздік» аттестатына аяқталды – Каптысәліямова Сабина, Каратаева Нұрай, Даниярқызы Алуа, Қабыл Арайлым, Нұрлан Бақыт, Садыкова Жансая, Серикова Дильназ, Рыбина Анастасия, Тусунбекова Алина, Ходырева Карина және 11 кластың 2 түлегі «Алтын белгі» аттестатына аяқтады – Амангелді Сандұғаш, Жакыпбекова Алуа.

Қорытындылар:

1.Төксандар бойынша қорытынды нәтижесі тұрақсыздық педагогтардың жұмысында жүйелілік жоктығын көрсетеді және жұмыста «мұғалім-оқушы-класс жетекшісі» үштігі байланысы нашар.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының білім сапасы

Кластар	Оқушы саны	Үздіктер	Екінділер	Білім сапасы
1 кластар	81			
2 кластар	76	14	37	67
3 кластар	81	19	27	57
4 кластар	81	23	25	60
5 кластар	78	18	25	55
6 кластар	56	6	21	49
7 кластар	73	11	31	58
8 кластар	59	9	23	54

9 кластар	47	10	15	53
10 кластар	13	1	7	62
11 кластар	9	2	3	56
Барлығы	654	113	214	50

Мектеп бойынша 1-11 кластар дәстүрлі түрінде оқыту өтті.

2018-2023 оқу жылдарының Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы бойынша оқу нәтижелігіне мониторинг

Оқу жылы	Оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Білім сапасы
2018-2019	551	151	173	59
2019-2020	583	157	199	61
2020-2021	586	118	196	62
2021-2022	630	118	187	49
2022-2023	654	113	214	50

2022-2023 оқу жылындағы республикалық пәндік олимпиадасына қатысқан оқушылардың нәтижелері

5-6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының мектепшілік кезеңіне 71 оқушы қатысып, 20-сы 1-орындарды алып аудандық кезеңіне өтті:

№	Оқушының аты – жөні	Класс	Пән мұғалімі	Оқыту тілі
Қазақ тілі мен әдебиеті				
1.	Сембаева Айым	5 А	Уткельбаева А.М	қазақша
2.	Сәмет Фариза	6 Ә	Дангилова К.А	қазақша
Русский язык и литература				
3.	Текенова Саяжан	5 В	Байтемирова А.М	орысша
4.	Орыс тілі мен әдебиеті қазақ класында			
5.	Сағындық Айша	5 А	Рахметова Н.К.	қазақша
6.	Аяпбеков Алтынбек	6 А	Рахметова Н.К.	қазақша
Ағылшын тілі				
7.	Жұмабай Аяулым	5 Ә	Шугаева Г.С	қазақша
8.	Оралбаева Амира	6 А	Сүлейменова А.Б.	қазақша
9.	Бекказы Айбар	5 В	Сураева И.П	орысша
10.	Рыбина Алина	6 Б	Сураева И.П	орысша
Қазақстан тарихы				
11.	Жұматай Еңлік	5 А	Ахметова Г.К.	қазақша
12.	Абдикали Аяулым	6 А	Ахметова Г.К.	қазақша
13.	Панченко Анастасия	6 Б	Абсағиева А.А	орысша
Математика				
14.	Рамазан Эль-Тавр	5 Ә	Бексейтова Д.К.	қазақша

15.	Орақбай Гульчехра	5 В	Бексейтова Д.К.	орысша
16.	Ашимов Нұрдаулет	6 А	Ахметжанова У.Б.	қазақша
17.	Айтбай Таймурат	6 Б	Имажанова К.Т.	орысша
Жаратылыстану				
18.	Жағышаров Арман	5 Ә	Тусупова Г.А.	қазақша
19.	Идиатуллина Аида	5 В	Саркытбаева Г.Ж.	орысша
20.	Рамазан Ерасыл	6 Ә	Саркытбаева Г.Ж.	қазақша

Аудандық кезеңіне қатысып, жүлделі орындарға келесі оқушылар иелінді:

Сембаева Айым 5 «А» класс оқушысы – қазақ тілі пәнінен 1-орынға иелінді, пән мұғалімі Уткельбаева А.М.

Сағындық Айша 5 «А» класс оқушысы – орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орынға иелінді, пән мұғалімі Рахметова Н.К.

Бекказы Айбар 5 «В» класс оқушысы – ағылшын тілі пәнінен 1-орынға иелінді, пән мұғалімі Сураева И.П.

Ашимов Нұрдаулет 6 «А» класс оқушысы – математика пәнінен 1-орынға иелінді, пән мұғалімі Ахметжанова У.Б.

Рамазан Ерасыл 6 «Ә» класс оқушысы – жаратылыстану пәнінен 1-орынға иелінді, пән мұғалімі Саркытбаева Г.Ж.

Аяпбеков Алтынбек 6 «А» класс оқушысы – орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 2-орынға иелінді, пән мұғалімі Рахметова Н.К.

Оралбаева Амира 6 «А» класс оқушысы – ағылшын тілі пәнінен 2-орынға иелінді, пән мұғалімі Сулейменова А.Б.

Айтбай Таймурат 6 «Б» класс оқушысы – математика пәнінен 2-орынға иелінді, пән мұғалімі Имажанова К.Т.

Жұмабай Аяулым 5 «Ә» класс оқушысы – ағылшын тілі пәнінен 3-орынға иелінді, пән мұғалімі Шугаева Г.С.

Жұматай Еңлік 5 «А» класс оқушысы – Қазақстан тарихы пәнінен 3-орынға иелінді, пән мұғалімі Ахметова Г.К.

Абдикали Аяулым 6 «А» класс оқушысы – Қазақстан тарихы пәнінен 3-орынға иелінді, пән мұғалімі Ахметова Г.К.

Панченко Анастасия 6 «Б» класс оқушысы – Қазақстан тарихы пәнінен 3-орынға иелінді, пән мұғалімі Абсағиева А.А.

Орақбай Гульчехра 5 «В» класс оқушысы математика пәнінен 3-орынға иелінді, пән мұғалімі Бексейтова Д.К.

1-орынға ие болған оқушылар олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысып, 2 оқушы жүлделі 3 орындарға иелінді Бекказы Айбар 5 «В» класс оқушысы – ағылшын тілі пәнінен, Рамазан Ерасыл 6 «Ә» класс оқушысы – жаратылыстану пәнінен.



7-8 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының аудандық кезеңге 30 оқушы қатысты. 17 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Олимпиаданың басты мақсаты - оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытып, білім-ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру. Аудандық олимпиаданың жүлделі 1-орын иегерлері облыстық кезеңге жолдама алады.

№	Аты-жөні	Класс	Пән	Алған орын
1.	Туғанбекулы Тайрлан	7 «А»	Орыс тілі мен әдебиеті	1
2.	Бузовкин Демид	7 «В»	Русский язык и литература	1
3.	Талғат Назира	8 «В»	Русский язык и литература	1
4.	Зейнуллима Айсана	8 «А»	Қазақстан тарихы	1
5.	Ораз Инжу	7 «Ә»	Ағылшын тілі	1
6.	Амангелді Асанәлі	7 «А»	Қазақ тілі мен әдебиеті	1
7.	Пупина Алена	7 «В»	физика	1
8.	Абильхамитов Ерасыл	7 «А»	география	1
9.	Айтбай Руслан	8 «В»	география	1
10.	Боштаева Ақниет	8 «А»	Орыс тілі мен әдебиеті	2
11.	Серік Ерасыл	7 «Ә»	физика	2
12.	Тусупбеков Нурсұлтан	7 «В»	биология	2
13.	Баешев Нияз	7 «А»	Қазақстан тарихы	2
14.	Кобзарук Ярослав	8 «В»	Английский язык	3
15.	Даниярқызы Зере	7 «Б»	химия	3
16.	Жакен Аянат	8 «А»	химия	3
17.	Идиатуллина Дильназ	8 «В»	биология	3



9-11-класстарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысқан оқушылардың нәтижелері:

№	Оқушының аты – жөні	Класс	Пән мұғалімі	Алынған орын
Қазақ тілі мен әдебиеті				
1.	Нұрлан Бақыт	9 Б	Султанова Г.М	II
2.	Амангелді Сандұғаш	11 А	Досымова Г.Х	I
Орыс тілі мен әдебиеті				
3.	Мирахманова Жанель	10 А	Рахметова Н.К	-
4.	Мирахманова Анель	9 А	Алиева Г.С	III
5.	Рыбина Анастасия	9 В	Рахметова Н.К.	II
Ағылшын тілі				
6.	Даниярқызы Алуа	9 А	Судейменова А.Б	-
7.	Иманов Еркін	10 А	Судейменова А.Б	I
Математика				
8.	Қабыл Арайлым	9Б	Имажанова К.Т.	II
9.	Иманберлин Жалғас	10 А	Имажанова К.Т.	II
Информатика				
10.	Маурер Эдуард	10Б	Сайлаубек М.А.	III
11.	Болат Ансар	9 Б	Сурағанова Г.М.	II
Қазақстан тарихы				
12.	Серикова Дильназ	9 Б	Ахметова Г.К.	III
13.	Нұрхамит Мерей	10 А	Ахметова Г.К.	II
14.	Жақыпбекова Алуа	11 А	Ахметова Г.К.	II
Биология				

15.	Оразалиева Индира	9 Б	Сманова З.Б.	-
16.	Тусупбекова Алина	9 В	Абдрахманова Е.В.	II
География				
17.	Бақытбек Мұрағат	10А	Жумабаева Ф.К.	II
18.	Амангелді Еламан	9 Б	Жумабаева Ф.К.	I
19.	Сүлеймен Ажар	11А	Саркытбаева Г.Ж.	II
Құқық негіздері				
20.	Тулєнова Медина	10А	Абсағиева Г. К.	III
21.	Арманқызы Әлия	9 А	Абсағиева Г. К.	III
Физика				
22.	Қаптысәліямова Сабина	9А	Тажина А.К.	-
23.	Қанатова Аружан	10А	Тажина А.К.	III
Химия				
24.	Садықова Жансая	9 Б	Ахметов Д.М.	II
25.	Ақанова Арайлым	10А	Ахметов Д.М.	III

25 оқушы қатысты, 21 оқушы жүлделі орындар алды, оның ішінде 3 оқушы I орынға ие болып, Амангелді Сандұғаш Қорғалжын ауданынан облыстық кезеңіне қатысты.



Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Экономика факультетінде өткен "Эссе сайысына" Қорғалжын мектеп-гимназиясының II класс оқушылары белсенді қатысып, жоғары нәтиже көрсеткен қазақ тілі мен әдебиетінен Амангелді Сандұғаш I-орынға иеленді, жетекшісі Досымова Г.Х.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылында 11-класстарда өткізілген Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

11 класстарда барлығы 9 оқушы: оқыту қазақ тілінде - 7 оқушы, оқыту орыс тілінде - 2 оқушы. 11 «А» класс оқушысы Бисекенова Асель денсаулық жағдайына байланысты «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 26 мамырдағы №240 бұйрығының негізінде қорытынды аттестаттаудан босатылды.

Қорытынды аттестаттауға 8 оқушы қатысты.

- 1) 2023 жылғы маусымның 5-де Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) пәнінен жазбаша емтихан өтті

Пән мұғалімдері: 11А –Досымова Г.Х., 11Б–Алиева Г.С.

№	Класс	Оқушы саны	"5" бағасы	"4" бағасы	"3" бағасы
1	11 А	6	3	1	2
2	11 Б	2	0	2	0
Барлығы		8	3	3	2

Білім сапасы: 75%

- 2) 2023 жылғы маусымның 8-де Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан өтті.

Пән мұғалімдері: 11 А – Уапова М.М., 11Б -Имажанова К.Т.

№	Класс	Оқушы саны	"5" бағасы	"4" бағасы	"3" бағасы
---	-------	------------	------------	------------	------------

1	11 А	6	2	1	3
2	11 Б	2	0	2	0
Барлығы:		8	2	3	3

Білім сапасы: 63%

3) 2023 жылғы маусымның 12-де Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан өтті

Пән мұғалімдері: 11 А – Ахметова Г.К., 11Б – Қайырбеков Ж.О.

№	Класс	Оқушы саны	"5" бағасы	"4" бағасы	"3" бағасы
1	11 А	6	3	2	1
2	11 Б	2	1	1	0
Барлығы:		8	4	3	1

Білім сапасы: 88%

4) 2023 жылғы маусымның 15-де Орыс тілі мен әдебиеті/қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан өтті

Пән мұғалімдері: 11 А – Рахметова Н.К., 11Б -Бадықова Ш.К.

№	Класс	Оқушы саны	"5" бағасы	"4" бағасы	"3" бағасы
1	11 А	6	3	3	0
2	11 Б	2	0	2	0
Барлығы:		8	3	5	0

Білім сапасы: 100%

5) 2022 жылғы маусымның 19-да таңдау пәнінен жазбаша емтихан өтті

Пән мұғалімі:

№	Класс	Таңдау пәні	Оқушы саны	Пән мұғалімі	"5" бағасы	"4" бағасы	"3" бағасы
1	11 А	география	3	Саркытбаева Г.Ж.		2	1
2		физика	1	Тажина А.К.	1		
3		Қ. әдебиеті	1	Досымова Г.Х.	1		
4		биология	1	Касенова Г.Ж.			1
5	11 Б	география	2	Саркытбаева Г.Ж.		2	
Барлығы:			8				

Білім сапасы: 75%

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылында 9-кластарда өткізілген Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

1	9А	география	11	Жумабаева Ф.К.	9	2	0
		Қ.тарихы	9	Ахметова Г.К.	8	1	0
2	9Б	география	12	Жумабаева Ф.К.	10	2	0
		Қ.тарихы	8	Ахметова Г.К.	7	1	0
3	9В	Рус.лит-ра	7	Рахметова Н.К.	3	3	1
Барлығы:			47		37	9	1

Білім сапасы: 98%





Жалпы қортындылар:

1. 1-11 класс оқушылары оқу жылын 100% үлгерімен аяқтады, аттестатталмағандар жоқ.
2. Жалпы Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы бойынша білім сапасы 63%, үлгерімі 100%.
3. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп бойынша ең үлкен (жоғары) білім сапасы 4"а" класында байқалды –80% және гимназиялық 7"а" класында –78%.
4. Ең төмен білім сапасы 8"в" класында – 41%, 7"в" класында –43% және 8 "б" класында 47%, барлық пәндер бойынша білім сапасының төмендеуі байқалуда.

Себептер:

1. Пандемия, шектеу шаралары кезеңінде оқушылар қашықтықтан оқытылған себебінен оқушылардың білімдері төмендеді.
2. Оқушылардың сандық және сапалық өзгеруі: мекенжайы өзгеру және басқа да себептермен үлгерімі жақсы оқушылардың кетуі, жеке себептерге байланысты үлгерімі жақсы және үлгерімі орташа оқушылардың ауысуы, шағын аудан бойынша үлгерімі орташа оқушылардың келуі.
3. Класс жетекшілер мен қиын және үлгерімі нашар оқушылардың ата-аналармен байланыс әлсіз.

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімдері сабақтарын оқушылардың психо-жас ерекшеліктерін ескере отырып, өткізсін.
2. Мектеп мұғалімдері және класс жетекшілеріне тоқсан және жыл қорытындылары бойынша бір «3» пен «4» бағасы бар оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, білім сапасы көтерілсін.
3. Білім сапасы төмендеген, жаңадан келген оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу-тәрбие үдірісін түзету мақсатында жіберілген олқылықтарды толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
4. Бастаушын кластардың және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері оқу жылдың басынан бастап оқушыларды белгілеп Абай, Мұқағали, Махамбет, Фариза оқуларына жоспарлы дайындық өткізілсін. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
5. 4-класс мұғалімдері және 9-класс пән мұғалімдері оқушыларды ББЖМ тестілеуіне жоспарлы түрінде дайындық өткізілсін.
6. 5-11 кластардағы пән мұғалімдері әр класынан оқушыларды белгілеп оқу жылдың қыркүйек айынан бастап өз пәнінен олимпиадаларға жоспарлы дайындық өткізсін. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
7. 10-11 кластарда оқушыларды ҰБТ-ға дайындау мақсатында пән мұғалімдері жоспарлы жұмыс жасасын.

Директордың ОІ жөніндегі орынбасары: Г.Тусупова